

Педагог қызметкерінің бос орнына конкурс жарияланады

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің «Эстетикалық бағыттағы гимназиясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, мекен-жайы: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Самал көшесі, 74, байланыс телефоны ж.т. 24-05-10, электрондық пошта: shgen_uralsk@mail.kz педагог бос орын лауазымына конкурс жариялайды:

1. Педагог-психолог (орыс сыныптарында) — 1,0 бірлік.

Лауазымдық міндеттері:

- оқушылардың психологиялық және әлеуметтік әл-ауқатын қамтамасыз етуге және қалыпқа келтіруге, олардың әртүрлі өмірлік жағдайларда әлеуметтік- психологиялық бейімделу қабілетін дамытуға, сондай-ақ кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелерінде көмек көрсетуге бағытталған қызметті жүзеге асырады;
- білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагог қызметкерлердің және оқушылардың немесе оларды алмастыратын адамдардың ата-аналарының психологиялық мәдениетін қалыптастырады;
- инклюзивтілік қағидатын іске асыруға жәрдемдеседі және білім беру процесіне қатысушылардың барлығының мінез-құлқының толерантты мәдениетін қамтамасыз етеді;
- буллингтің, өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алу бойынша жұмыс жүргізеді;
- білім алушылар, тәрбиеленушілер, педагогтар және басқа да қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, Академиялық адалдық қағидаттарын бойына сіңіреді;
- әр түрлі бағыттағы және бағыттағы психологиялық диагностиканы жүргізеді, оқыту, тұлғалық даму және мінез-құлық проблемаларын уақтылы анықтайды, психологиялық қорытынды жасайды;
- ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалауға қатысады және оның негізінде оқушылардың жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, дамыту бағдарламаларын, сондай-ақ педагог-ассистенттің іске асыруы үшін балалардағы проблемалық мінез-құлықты жеңу бағдарламаларын әзірлейді;
- әртүрлі психологиялық проблемалары бар балаларға, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға консультациялар, жеке, кіші топтық және топтық дамыту сабақтары нысанында психологиялық көмек көрсетеді;
- дарынды оқушыларды психологиялық қолдауды жүзеге асырады;
- ата-аналарға, педагогтерге, мамандарға, нақты психологиялық мәселелерді шешуде консультациялық көмек көрсетеді;
- педагогикалық ұжымға, сондай-ақ оқушылардың жеке және әлеуметтік даму проблемалары бойынша оқушылардың немесе оларды алмастыратын адамдардың ата-аналарына ұсынымдар әзірлеу мақсатында зерттеу жұмыстарының материалдары бойынша психологиялық талдауды жүзеге асырады;
- белгіленген нысан бойынша құжаттаманы жүргізеді, педагогикалық, әдістемелік кеңестердің жұмысына, ата-аналар жиналыстарын, сауықтыру, тәрбиелеу және білім беру ұйымының жұмыс жоспарында көзделген басқа да іс- шараларды өткізу жөніндегі жұмысқа қатысады;
- кәсіби құзыреттілікті арттырады, мектеп жасындағы балалармен психологиялық жұмыстың заманауи әдістері мен технологияларын қолданады;
- баланың құқықтарын қорғау жөніндегі конвенцияға сәйкес жеке адамның құқықтарын қорғауға жәрдемдеседі;
- балалардың өмірін, денсаулығын және құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидаларын сақтайды;

-білім алушылар, тәрбиеленушілер, педагогтар және басқа да қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, академиялық адалдық қағидаттарын бойына сіңіреді;

-ішкі тәртіп ережесін сақтайды.

Лауазымдық жалақы мөлшері мен шарттары – 136 266 тенге, жұмыскерге Кодекс пен заңнамада белгіленген тәртіп, көлемі және мерзімімен өтемақы төлемдері жүргізіледі

Біліктілікке қойылатын талаптар:

«Педагогика және психология» бағыты бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім немесе бейіні бойынша жоғары медициналық білім, жұмыс өтіліне талап қойылмайды;

және (немесе) біліктілігінің жоғары немесе орта деңгейі болған кезде мамандығы бойынша жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін кемінде 3 жыл, педагог-сарапшы үшін кемінде 4 жыл, педагог-зерттеуші үшін кемінде 5 жыл;

және (немесе) біліктілігінің жоғары деңгейі болған кезде мамандығы бойынша жұмыс өтілі: педагог-шебер үшін кемінде 5 жыл.

Құжаттарды қабылдау мерзімі: 2026 жылдың 14 қыркүйектен бастап 2026 жылдың 22 қыркүйекті қоса алғанға дейін (7 жұмыс күн).

Дүйсенбі – жұма күндері (қоса алғанда) сағат 09.00-ден-18.00-ге дейін.

Түскі үзіліс: 13.00-ден-14.00-ге дейін.

Конкурс 30.09.2026 ж.сағат 10.00-де өтеді.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімінде мынадай құжаттарды қағаз түрінде жолдайды:

1. Конкурсқа қатысу туралы өтініш, оған қоса берілетін құжаттардың тізбесі көрсетіле отырып, 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;
2. Жеке басын куәландыратын құжат немесе сәйкестендіру үшін цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат;
3. Нақты тұрғылықты мекенжайы және байланыс телефондары (бар болған жағдайда) көрсетілген, кадрларды есепке алу жөніндегі толтырылған жеке іс парағы;
4. Лауазымға қойылатын, Үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың қосымшасымен бірге көшірмелері;
5. Еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болған жағдайда);
6. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) 075/у нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;
7. Психикалық, мінез-құлықтық бұзылулары бар науқастарға динамикалық бақылаудың жоқтығы туралы анықтама;
8. Наркологиялық есепте тұрған науқастарға динамикалық бақылаудың жоқтығы туралы анықтама;
9. Сертификаттаудан өту нәтижелері туралы сертификат немесе қолданыстағы біліктілік санатының бар екендігін растайтын куәлік (бар болған жағдайда) немесе «педагог» мәртебесін беру туралы бұйрық;
10. Осы Қағидаларға 12 немесе 13-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған бағалау парағы;
11. Жұмыс орнынан (педагог лауазымы бойынша), оқу орнынан (бар болған жағдайда) берілген ұсыным хат.

Осы тармақтың 3), 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттар жұмыс орнындағы персоналды басқару қызметімен (кадр қызметімен) немесе білім беру ұйымының жауапты қызметкерімен куәландырылады және мөрмен расталады.

Құжаттар топтамасы толық ұсынылмаса, кандидаттың конкурсқа қатысу үшін берген құжаттарын қабылдаудан бас тартылады.